

Ақмола облысының аумағындағы бұқаралық ақпарат құралдарында мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу үшін сатып алынатын көрсетілетін қызметтердің құнын айқындау әдістемесін бекіту туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы әкімдігінің 2022 жылғы 20 қаңтардағы № А-1/31 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 28 қаңтарда № 26682 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы әкімдігінің 2025 жылғы 24 қаңтардағы № А-1/33 қаулысымен.

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы әкімдігінің 24.01.2025 № А-1/33 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

"Бұқаралық ақпарат құралдары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 4-4-бабы 4-1)-тармақшасына, "Өңірлік деңгейде бұқаралық ақпарат құралдарында мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу үшін сатып алынатын көрсетілетін қызметтердің құнын айқындаудың үлгілік әдістемесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрінің міндетін атқарушының 2021 жылғы 19 мамырдағы № 173 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 22807 болып тіркелген) сәйкес, Ақмола облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Ақмола облысының аумағындағы бұқаралық ақпарат құралдарында мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу үшін сатып алынатын көрсетілетін қызметтердің құнын айқындау әдістемесі бекітілсін.

2. "Ақмола облысының ішкі саясат басқармасы" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен осы қаулы оның ресми жарияланғаннан кейін Ақмола облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ақмола облысының әкімі

Е.Маржипаев

Ақмола облысы әкімдігінің
2022 жылғы 20 қаңтардағы
№ А-1/31 қаулысымен
бекітілген

Ақмола облысының аумағындағы бұқаралық ақпарат құралдарында мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу үшін сатып алынатын көрсетілетін қызметтердің құнын айқындау әдістемесі

1. Ақмола облысының аумағындағы бұқаралық ақпарат құралдарында мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу үшін сатып алынатын көрсетілетін қызметтердің құнын айқындау әдістемесі (бұдан әрі – Әдістеме) Қазақстан Республикасының "Бұқаралық ақпарат құралдары туралы" Заңының 4-4-бабының 4-1) тармақшасына сәйкес әзірленді және Ақмола облысының аумағындағы бұқаралық ақпарат құралдарында мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу үшін сатып алынатын көрсетілетін қызметтердің құнын айқындау алгоритмін белгілейді.

2. Өңірлік деңгейде бұқаралық ақпарат құралдарында мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу үшін сатып алынатын қызметтердің құны (бұдан әрі – Көрсетілетін қызмет) осы Әдістеменің қосымшасына сәйкес бұқаралық ақпарат құралдары қызметінің әрбір жеке түрі үшін жергілікті бюджет қаражаты есебінен бұқаралық ақпарат құралдарында мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу үшін сатып алынатын көрсетілетін қызметтердің базалық бағасына байланысты айқындалады.

3. Мерзімді баспасөз басылымдарында Көрсетілетін қызметтің құны мынадай формула бойынша айқындалады:

1) газеттер үшін $P_n = V_n \times V \times K_q$ формуласы бойынша, онда:

P_n (price) – қосылған құн салығын ескере отырып, газеттердегі Көрсетілетін қызмет құны;

V_n – газетте орналастырылатын бір шаршы сантиметрмен Көрсетілетін қызметтің базалық бағасы;

V – газетте орналастырылатын шаршы сантиметрмен есептелетін Көрсетілетін қызмет көлемі;

K_q – газет таралымына түзету коэффициенті:

200 000 данаға дейін – 1,3;

100 000 данаға дейін – 1,15;

50 000 данаға дейін – 1;

30 000 данаға дейін – 0,9;

20 000 данаға дейін – 0,8;

10 000 данаға дейін – 0,65;

5 000 данаға дейін – 0,5;

2) журналдар үшін $P_m = V_m \times V \times K_q$ формуласы бойынша, мұнда:

P_m (price) – қосылған құн салығын ескере отырып, журналдардағы Көрсетілетін қызмет құны;

V_m – журналда орналастырылатын бір шаршы сантиметрмен Көрсетілетін қызмет үшін базалық баға;

V – шаршы сантиметрмен есептелетін журналда орналастырылатын Көрсетілетін қызмет көлемі;

K_q – журнал таралымына түзету коэффициенті:

15 000 данаға дейін – 1,2;

10 000 данаға дейін – 1,1;

8 000 данаға дейін – 1;

5 000 данаға дейін – 0,9;

3 000 данаға дейін – 0,8;

1 000 данаға дейін – 0,7.

4. Интернет-ресурстағы Көрсетілетін қызметтің құны $P_i = B_i \times V \times K_q$ формуласы бойынша айқындалады, онда:

P_i (price) – қосылған құн салығын ескере отырып, интернет-ресурстағы Көрсетілетін қызметтің құны;

B_i – интернет-ресурста Көрсетілетін қызметтің бір таңбасының, секундiнiң, минутының, данасының базалық бағасы;

V – интернет-ресурста Көрсетілетін қызметтің символдармен, секундтармен, минуттармен, даналармен есептелетін көлемі;

K_q – бірегей пайдаланушылардың интернет-ресурсқа кіруінің орташа айлық санын есепке алуға арналған түзету коэффициенті:

айына 500 000 кірушіге дейін – 1;

айына 1 000 000 кірушіге дейін – 1,1;

айына 2 000 000 кірушіге дейін – 1,2;

айына 5 000 000 кірушіге дейін – 1,3;

айына 5 000 000 кірушіден астам болса – 1,4.

5. Телевизияда Көрсетілетін қызметтің құны $P_{tv} = B_{tv} \times V$ формуласы бойынша айқындалады, онда:

P_{tv} (price) – қосылған құн салығын ескере отырып, теледидардағы Көрсетілетін қызметтің құны;

B_{tv} – телевизияда Көрсетілетін қызметтердің бір секундiнiң, минутының, сериясының базалық бағасы;

V – телевизияда Көрсетілетін қызметтің секундтармен, минуттармен, сериялармен есептелетін көлемі.

Егер мемлекеттік ақпараттық тапсырысты қалыптастыру кезінде телевизиялық бағдарламалардың жанрлары бойынша бөлінулер ескерілмеген жағдайда, телевизиялық бағдарламаларды өндіру және орналастыру құны базалық баға (B_{tv}) бойынша есептеледі.

6. Радиоарнадағы Көрсетілетін қызметтің құны $P_r = B_r \times V$ формуласы бойынша айқындалады, онда:

P_r (price) – қосылған құн салығын ескере отырып, радиоарнадағы Көрсетілетін қызметтің құны;

Вг – радиоарнада Көрсетілетін қызметтердің бір секундiнiң, минутының базалық бағасы;

V – радиоарнада Көрсетілетін қызметтің секундтармен, минуттармен есептелетін көлемі.

Ақмола облысының
аумағындағы бұқаралық
ақпарат құралдарында
мемлекеттік ақпараттық
саясатты жүргізу
үшін сатып алынатын
Көрсетілетін қызметтердің
құнын айқындау Әдістемесіне
қосымша

Ақмола облысының аумағындағы бұқаралық ақпарат құралдарында мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу үшін сатып алынатын көрсетілетін қызметтердің базалық бағалары

№	Қызметтің атауы	Өлшем бірлігі	Облыстың, қалалар мен аудандардың атаулары	2022 жыл (теңге)	2023 жыл (теңге)	2024 және кейінгі жылдар (теңге)
1.	Ақмола облысының аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында (газет) көрсетілетін қызмет (ақпараттық материалдарды дайындау және орналастыру) (Вп)	шаршы сантиметр	Ақмола облысы	557	557	557
2.	Көкшетау қаласының аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында (газет) көрсетілетін қызмет (ақпараттық материалдар	шаршы сантиметр	Көкшетау қаласы	112		112

	ы дайындау және орналастыру) (Bn)				112	
3.	Степногорск қаласының аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында (газет) көрсетілетін қызмет (ақпараттық материалдарды дайындау және орналастыру) (Bn)	шаршы сантиметр	Степногорск қаласы	60	60	60
4.	Ақкөл ауданының аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында (газет) көрсетілетін қызмет (ақпараттық материалдарды дайындау және орналастыру) (Bn)	шаршы сантиметр	Ақкөл ауданы	115	115	115
5.	Аршалы ауданының аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында (газет) көрсетілетін қызмет (ақпараттық материалдарды дайындау және орналастыру) (Bn)	шаршы сантиметр	Аршалы ауданы	115	115	115

6.	Атбасар ауданының аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында (газет) көрсетілетін қызмет (ақпараттық материалдарды дайындау және орналастыру) (Bn)	шаршы сантиметр	Атбасар ауданы	80	80	80
7.	Астрахан ауданының аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында (газет) көрсетілетін қызмет (ақпараттық материалдарды дайындау және орналастыру) (Bn)	шаршы сантиметр	Астрахан ауданы	60	60	60
8.	Бұланды ауданының аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында (газет) көрсетілетін қызмет (ақпараттық материалдарды дайындау және орналастыру) (Bn)	шаршы сантиметр	Бұланды ауданы	50	50	50
	Біржан сал ауданының аумағында таратылатын мерзімді					

9.	б а с п а басылымдары нда (газет) көрсетілетін қызмет () ақпараттық материалдард ы дайындау ж ә н е орналастыру) (Bn)	ш ар ш ы сантиметр	Біржан сал ауданы	80	80	80
10.	Бурабай ауданының аумағында таратылатын мерзімді б а с п а басылымдары нда (газет) көрсетілетін қызмет () ақпараттық материалдард ы дайындау ж ә н е орналастыру) (Bn)	ш ар ш ы сантиметр	Бурабай ауданы	65	65	65
11.	Егіндікөл ауданының аумағында таратылатын мерзімді б а с п а басылымдары нда (газет) көрсетілетін қызмет () ақпараттық материалдард ы дайындау ж ә н е орналастыру) (Bn)	ш ар ш ы сантиметр	Егіндікөл ауданы	90	90	90
12.	Е с і л ауданының аумағында таратылатын мерзімді б а с п а басылымдары н д а газеттерде) () көрсетілетін	ш ар ш ы сантиметр	Есіл ауданы	60		60

	қызмет (ақпараттық материалдарды дайындау және орналастыру) (Bn)				60	
13.	Ерейментау ауданының аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында (газет) көрсетілетін қызмет (ақпараттық материалдарды дайындау және орналастыру) (Bn)	шаршы сантиметр	Ерейментау ауданы	100	100	100
14.	Жақсы ауданының аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында (газет) көрсетілетін қызмет (ақпараттық материалдарды дайындау және орналастыру) (Bn)	шаршы сантиметр	Жақсы ауданы	60	60	60
15.	Жарқайын ауданының аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында (газет) көрсетілетін қызмет (ақпараттық материалдарды дайындау және орналастыру) (Bn)	шаршы сантиметр	Жарқайын ауданы	150		150

	орналастыру) (Bn)				150	
16.	Зеренді ауданының (Bn) аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдары н да (газеттерде) көрсетілетін қызмет (ақпараттық материалдарды дайындау және орналастыру) (Bn)	ш аршы сантиметр	Зеренді ауданы	90	90	90
17.	Қорғалжын ауданының аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдары н да (газет) көрсетілетін қызмет (ақпараттық материалдарды дайындау және орналастыру) (Bn)	ш аршы сантиметр	Қорғалжын ауданы	24	24	24
18.	Сандықтау ауданының аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдары н да (газет) көрсетілетін қызмет (ақпараттық материалдарды дайындау және орналастыру) (Bn)	ш аршы сантиметр	Сандықтау ауданы	70	70	70
	Шортанды ауданының					

19.	аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында (газет) көрсетілетін қызмет (ақпараттық материалдарды дайындау және орналастыру) (Bn)	шаршы сантиметр	Шортанды ауданы	50	50	50
20.	Целиноград ауданының аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында (газет) көрсетілетін қызмет (ақпараттық материалдарды дайындау және орналастыру) (Bn)	шаршы сантиметр	Целиноград ауданы	115	115	115
21.	Қосшы қаласының аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында (газет) көрсетілетін қызмет (ақпараттық материалдарды дайындау және орналастыру) (Bn)	шаршы сантиметр	Қосшы қаласы	80	80	80
	Ақмола облысының аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдары					

22.	нда (журнал) көрсетілетін қызмет (ақпараттық материалдарды дайындау және орналастыру) (журналда) (Bm)	шаршы сантиметр	Ақмола облысы	18	18	18
23.	Республикалық маңызы бар мәселелерді жария ететін интернет-ресурста көрсетілетін қызмет (ақпараттық материалдарды дайындау және орналастыру) (Bi)	символ	Қазақстан Республикасы	130	130	130
24.	Өңірлік маңызы бар мәселелерді жария ететін интернет-ресурста көрсетілетін қызмет (ақпараттық материалдарды дайындау және орналастыру) (Bi)	символ	Ақмола облысы	17	17	17
25.	Қазақстан Республикасының аумағында таратылатын теле-, радиоарналардың міндетті тізбесіне енгізілген телевизияда көрсетілетін қызмет (ақпараттық материалдар	минут	Ақмола облысы	530 000		530 000

	ы өндіру және орналастыру) (сюжет) (Btv)				530 000	
26.	Міндетті теле- , радиоарналардың тізбесіне кіретін арналарды қоспағанда, Ақмола облысының аумағында телерадио хабарларын таратудың ұлттық операторы тарататын еркін қолжетімді теле-, радиоарналардың тізбесіне кіретін телевизияда көрсетілетін қызмет (ақпараттық материалдарды дайындау және орналастыру). радиоарналар (сурдоаударма есебімен сюжет) (Btv)	минут	Ақмола облысы	30 000	30 000	30 000
	Міндетті теле- , радиоарналардың тізбесіне кіретін арналарды қоспағанда, Ақмола облысының аумағында телерадио хабарларын таратудың ұлттық операторы тарататын					

27.	еркін қолжетімді теле-, радиоарналардың тізбесіне кіретін телевизияда көрсетілетін қызмет (ақпараттық материалдарды өндіру және орналастыру) (ақпараттық-талдамалық бағдарлама) (Btv)	минут	Ақмола облысы	30 000	30 000	30 000
28.	Міндетті теле-, радиоарналардың тізбесіне кіретін арналарды қоспағанда, Ақмола облысының аумағында телерадио хабарларын таратудың ұлттық операторы тарататын еркін қолжетімді теле-, радиоарналардың тізбесіне кіретін телевизияда көрсетілетін қызмет (ақпараттық материалдарды өндіру және орналастыру). радиоарналар (ток-шоу) (Btv)	минут	Ақмола облысы	4 000	4 000	4 000
	Міндетті теле-, радиоарналардың тізбесіне					

29.	кіретін арналарды қоспағанда, Ақмола облысының аумағында телерадио хабарларын таратудың ұлттық операторы тарататын еркін қолжетімді теле-, радиоарналардың тізбесіне кіретін телевизияда көрсетілетін қызмет (ақпараттық материалдар өндіру). радиоарналар (деректі фильм) (Btv)	минут	Ақмола облысы	30 000	30 000	30 000
30.	Міндетті теле-, радиоарналардың тізбесіне кіретін арналарды қоспағанда, Ақмола облысының аумағында телерадио хабарларын таратудың ұлттық операторы тарататын еркін қолжетімді теле-, радиоарналардың тізбесіне кіретін телевизияда көрсетілетін қызмет (ақпараттық материалдар	минут	Ақмола облысы	90 000		90 000

	өндіру) (бейнеролик) (Btv)				90 000	
31.	Міндетті теле-, радиоарналардың тізбесіне кіретін арналарды қоспағанда, Жарқайың ауданының аумағында телерадио хабарларын таратудың ұлттық операторы тарататын еркін қолжетімді теле-, радиоарналардың тізбесіне кіретін телевизияда көрсетілетін қызмет (ақпараттық материалдарды дайындау және орналастыру). радиоарналар (сюжет) (Btv)	минут	Жарқайың ауданы	5 000	5 000	5 000
32.	Міндетті теле-, телебағдарламалар тізбесіне кірмейтін телевизияда көрсетілетін қызмет (ақпараттық материалдарды дайындау және орналастыру) Атбасар ауданының аумағында телерадио хабарларын	минут	Атбасар ауданы	840		840

	таратудың ұлттық операторы тарататын радиоарналар және еркін қол жеткізу арналарының тізбесі (сюжет) (Btv)				840	
33.	Ақмола облысының аумағында таратылатын радиоарнада көрсетілетін қызмет (минут ақпараттық бағдарламаларды дайындау және орналастыру) (Br)	Ақмола облысы	17 920	19 712	21 504	
34.	Есіл ауданының аумағында таратылатын радиоарнада көрсетілетін қызмет (минут ақпараттық бағдарламаларды дайындау және орналастыру) (Br)	Есіл ауданы	1 250	1 250	1 250	
35.	Жарқайың ауданының аумағында таратылатын радиоарнада көрсетілетін қызмет (минут ақпараттық бағдарламаларды дайындау және орналастыру) (Br)	Жарқайың ауданы	2 000	2 000	2 000	

